

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ
6B017 - ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БОЙЫНША МҰҒАЛАМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 9 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29.05.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы - ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева, академиялық персонал - ф.ғ.к. Г.Қ.Жылқыбай, академиялық персонал – PhD М.Е.Сейтова, академиялық персонал – PhD Л.Қазыханқызы, академиялық персонал – PhD, Г. Ризоходжаева, академиялық персонал – ф.ғ.к. С.Мағжан, академиялық персонал – ф.ғ.к. П.Адиева, академиялық персонал – ф.ғ.к.А.Байтурова, академиялық персонал – ф.ғ.к. Ж.Ошақбаева, академиялық персонал – У.Раметова, білімгерлер өкілі – Б. Бейсенбаева, білімгерлер өкілі - Г. Маннапова, білімгерлер өкілі – Ж. Бердібай, жұмыс беруші өкілі – Р.К. Урумова, жұмыс беруші өкілі – М.К. Исраилова, жұмыс беруші өкілі – А.М. Аманбаева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ SWOT-талдау жүргізу.
2. Мамыр айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

ТЫНДАЛДЫ:

АК төрағасы, С.Бейсембаева: Күн тәртібіндегі **бірінші сұрап** бойынша **АК төрағасы, С.Бейсембаева** сөз алып: «Күрметті әріптестер, оқу жылының қорытындысында талдау жасау ісі – кеткен кемшіліктердің себебін анықтау, алдағы оку жылына міндеттер белгілеу болып табылады. Талдау – басқару әрекетінің құрамдас бір бөлімі. Жан-жақты терең талдау ББ дамуын жүзеге асырады, ұжымның іс-әрекетінің тиімділігін көтереді. Стратегиялық жоспарлау аясындағы талдаудың белгілі әдістерінің бірі болып SWOT-талдау саналады. SWOT-талдау негізінде ББ-ның күшті, әлсіз жақтары, мүмкіндігі және қатерлері анықталады. Осыған байланысты, әр ББ-на SWOT-талдау жасалынды. Педагогикалық шетел тілдері кафедрасына қарасты ББ-на SWOT-талдау нәтижесімен таныстыру үшін **АК мүшесі, Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының менгерушісі, PhD М.Сейтоваға** сөз беріледі».

АК мүшесі, академиялық персонал PhD М.Сейтова: «Педагогикалық шетел тілдері кафедрасына қарасты ББ-на SWOT-талдау толық жасалынды. Талдау есебін назарларыңызға ұсынуға рұқсат етіңіздер. Педагогикалық шетел тілдері кафедрасы оқытатын 6B01719 - Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік), 6B01718-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай), 7M01708 -Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-түрік) білім беру бағдарламаларына SWOT талдау

Strengths (күшті жақтар)	Weaknesses (әлсіз жақтар)
Кафедра оқытатын білім беру бағдарламаларының контингентінің көптігі;	Кафедра оқытушыларының ғылыми дәрежелігінің төмендігі;
Кафедрада ПОҚ-ның 5 PhD-докторы Түркия университеттерінің тұлектері;	Шетелдік жоғары оку орындарымен қосидипломды және бірлескен білім беру бағдарламалардың болмауы;
Кафедраның 4 оқытушысы «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ, Ұлыбритания және Нидерландыда тағлымдамадан өткендігі;	Мультимедия кабинеттерінің болмауы;
2020-2021 оку жылынан бері кафедрада Америка елшілігінің қолдауымен E-Fellow дәріс беруі.	
Назарбаев Зияткелік мектебімен №17 Ататүрк мектептерімен дуалды білім беру	

<p>бағдарламасының болуы;</p> <p>Кафедрада жыл сайын өткізілетін Халықаралық конференцияның ұйымдастырылуы.</p>	
<p>Opportunities (мүмкіндіктер)</p> <p>Студенттеріміздің тілдерді білуі Мевлана, Орхун, Эрасмус бағдарламалары шеңберінде академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруға мүмкіндік беруі;</p> <p>Тұлектеріміздің тек пәннегерикалық салада емес, туризм, аударма саласында да жұмыс жасай алуы;</p> <p>Студенттеріміздің жыл сайын Америка Құрама Штаттарына «Work and Travel» бағдарламасымен бару мүмкіндігі.</p>	<p>Threats (қауіптер)</p> <p>Ұлттық және Халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласында жоғары бәсекелестік.</p>

Келесі сөз кезегін **Орыс тілі және әдебиеті кафедрасының менгерушісі С.Бейсембаева** алды: 6B01717–Орыс тілі мен әдебиеті, 6B01764 –Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, 7M01738 – Орыс тілі мен әдебиеті ББ-на SWOT-талдау

<p>S - Күшті жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> - білім алушылар мен қызыметкерлердің мәдени және зияткерлік дамуы, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жағдайлар; - ПОҚ-ның дәрежелілігінің жоғары деңгейі; - тұлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейі; - дуальды оқыту жүйесінің болуы; - бірлескен білім бағдарламасының болуы. 	<p>W - Әлсіз жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> - шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықтың төмен деңгейі; - тұрақты кадрлардың қартаю тенденциясы, орташа жасы-50 жас; - шет тілдерін менгерудің төмен деңгейі; - докторантуралың болмауы; - ғылыми жобалардың болмауы; - біліктілік тест бойынша төмен балл.
<p>T - Қауіптер</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік; - жас білікті кадрлардың тапшылығы; - орыс тілді оқытатын мектептердің саны аз, нәтижесінде тілді білу деңгейі төмен. 	<p>O-Мүмкіндіктер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері. - ғылыми-гранттық байқауларға белсенді қатысу мүмкіндігі; - PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежеленген оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі; - тілдерді оқу мүмкіндігі (түрік, қазак, ағылшын және орыс тілдері).

Келесі сөз кезегін **АК мүшесі Г.Қ.Жылқыбай** алды: Қазақ филологиясы кафедрасы оқытатын 6B01716 - Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01737 - Қазақ тілі мен әдебиеті, 8D01705 - Қазақ тілі мен әдебиеттің білім беру бағдарламаларына SWOT талдау

<p>Strengths (күшті жақтар)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кафедра ғылыми әлеуетінің жоғарылығы; - Кафедрада 4 ЖОО үздік оқытушысының болуы; - Кафедраның 1 оқытушысының бағдарламасымен «Болашақ» 	<p>Weaknesses (әлсіз жақтар)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кафедра оқытушыларының ішкі, сыртқы әкадемиялық ұтқырлығының төмендігі; - Шетелдік және отандық жоғары оқу орындарымен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.
--	--

<p>Ұлыбританияда тағылымдамадан өтіп жатқандығы;</p> <ul style="list-style-type: none"> - №17 Ататүрк атындағы мектеп-гимназиямен дуалды білім беру бағдарламасының болуы; - Кафедрада Халықаралық және республикалық конференциялардың үйымдастырылып отырылуы. 	
<p>Opportunities (мүмкіндіктер) Студенттеріміздің және оқытушылардың Мевлана, Орхун, Эрасмус бағдарламалары шеңберінде академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруға мүмкіндігінің болуы.</p>	<p>Threats (қауіптер) - Нарықтық қатынаста жоғары білім беру саласында бәсекелестіктің болуы.</p>

Келесі сөз кезегін АҚ мүшесі, Ж.Б.Ошакбаева сөз алды: Түркиялық жоғары оқу орындары университеттің стратегиялық серіктестері болып табылады. Жалпы, Ахмет Ясауи университеті 50-ден астам университетпен белсенді жұмыс істейді.


Жыл сайын орта есеппен 60 студент академиялық ұтқырлық бағдарламалары шеңберінде шетелге окуга жіберіледі.

Визитинг профессор бағдарламасы аясында дәріс-семинар беру үшін жыл сайын Ұлыбритания, Испания, Норвегия, Ресей, АҚШ, Түркия, Азейрбаджан, Өзбекстан және Кыргызыстан жоғары оқу орындарынан (Оксфорд, Эксетер, Лестер, Кембридж, Брунел, Гази, Хәжетепе және т.б.) танымал профессорлар шақырылады. Бұл да керемет мүмкіндіктерінің бірі деп есептеймін.

ШЕШІМ:

1. ББ SWOT-талдау жүргізу жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Ммыр айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп бағалансын.

Мәжіліс төрағасы:



S. Бейсембаева

Хатшысы:



У. Раметова